

Түйіндеме

Қазақстан республикасында инвестициялық саясаттың институционалды негіздері
Омарова С.Т. – *Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Саясаттану кафедрасының докторанты, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, e-mail: omarova_samal@mail.ru*

Мақалада қазіргі инвестициялық саясат жағдайындағы Қазақстанның даму институттарының рөлі қарастырылады. Қазақстанның әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру Стратегиялық жоспарының басты міндеттерін жүзеге асыруға сәйкес экономикалық даму институттарының қызметінің негізгі бағыттары талданады. Осыған байланысты Стратегия аясында мәселелерді шешу және қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін институционалдық құрылымдардың қызметін күшейту көзделуде. Даму институттары экономикалық өсуге ықпал ететін, әлеуметтік маңызы бар жобаларды ұзақ мерзімді қаржыландыру, жаңа салаларды және әлеуметтік-экономикалық мәселелер сияқты міндеттерді шешуді жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, бұл институттар жаңаны құруға және қосылған құны жоғары қолданыстағы өндірістерді дамытуға, ғылыми және ғылыми-техникалық зерттеулерді қолдауға, перспективті салаларға кешенді талдау жасауға, неғұрлым маңызды элементтерді анықтауға инвестициялық саясат жүргізу қажет.

Түйін сөздер: инвестициялар, инвестициялық саясат, институттар, бағдарламалар, стратегиялар.

Summary

Institutional foundations of the investment policy of the republic of Kazakhstan
Omarova S.T. – *Doctoral student department of Political science of the L.N.Gumilev Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana. e-mail: omarova_samal@mail.ru*

In this article discusses about the role of institutes of development of Kazakhstan in context of the investment policy of the present. There was taken analysis of the main directions of activities of institutions in development of economic, in accordance with the implementation of the main objectives of the Strategic Plan of Kazakhstan's joining the 50 most competitive countries of the world. Therefore, to solve problems and achieve their goals and objectives of the Strategy is expected to strengthen the functioning of the institutional structures. Development institutions implement tasks such as long-term financing of socially significant projects that contribute to economic growth, development of new industries and solving socio-economic problems.

In general, these institutions should pursue a policy of investing in the creation of new and development of existing industries with high added value and support scientific and technological research and development based on a comprehensive analysis of promising sectors, to identify their most important elements.

Key words: investments, investment policy, institutions, programs, strategy.

ӘОЖ 297.1(574)

ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУ БАҒЫТЫ

Сандықбаева Ө.Д. – *филос.ғ.к., Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы, sandykbaeva@mail.ru*

Айтуарова Б.М. – *әлеум.ғ.к., аға оқытушысы,*

Арыстанбекова Қ.Д. – *аға оқытушы dankura@mail.ru*

Мақалада қоғамның әлеуметтік-мәдени қалыптасуында жастардың рөлінің ерекше екендігі жайлы айтылады. Жастар белгілі бір жүйеде мемлекеттің болашағы болғандықтан, олардың жағдайы, олардың бойына сіңірілген рухани құндылықтар, патриоттық тәрбие маңызды орынды иеленеді. Өзіндік ерекшеліктеріне қарамастан жастар әлеуметтік топтар мен таптардан тыс өмір сүрмейді, сондықтан жастар мәселесі қоғамдағы барлық сатыларды қамтитын барынша ауқымды мәселе болып табылады.

Түйін сөздер: жастар, құндылық, дүниетаным, дәстүр, имандылық, бағыт, бағдар, сенімділік, біртұтастық, кешірімділік, ұлағаттылық, рух, құмарлық.

Дүниені тану және қабылдау арқылы жастардың дүниетанымы, өмірлік мақсаттары қалыптасады. Қазіргі кездегі жастар үшін туындап отырған өзекті мәселелердің бірі тәуелсіздікпен бірге келген әртүрлі үлгідегі мәдени және өркениеттілік құндылықтардың арасын салмақтап, соларды бойына сіңіру үрдісі болып отыр. Қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан жастарының арасында қалыптасқан дүниетанымдық ерекшеліктер тұрғысынан пікір қайшылықтары туындап отырғаны белгілі. Оның бірі, Батыстық үлгіге еліктеу арқылы, өздерін өркениет көшінен қалмауға тәрбиелейтін жастар болса, екіншілері Шығыстық үлгідегі, дәстүрлі қазақ мәдениетіне сай түсініктерді бойларына сіңіру арқылы өздерінің адами болмысын қалыптастыруға тырысатындар.

Қазақтың көшпелі өмірінде халық даналығы дүниені түсіндіріп қана қоймай, адамды сыртқы дүниемен үндес болуға ұмтылдырады. Сондықтан қазақ тарихи-мәдени дәстүріндегі басты мәселе – адамның тікелей өзіне қатысты: адам деген кім? Оның міндеті қандай? Осыған орай оның бойында қандай қасиеттер болуға тиіс деген секілді сауалдар. Көшпелілердің дүниеге көзқарасында адам әлемге қарсы қойылмаған, ақыл мен сезім, бас пен жүрек қайшылықта емес, адамға тән ұждандылықтың, білімдарлық пен имандылықтың, білім мен сенімнің іштей үйлесуінің санамен үндестігі. Қоғам мен табиғат құбылыстары туралы білімдердің барлығы жалпы дүниетаным жүйесіне тоғысады. Өмір мәнді, мағыналы, сондықтан өмір сүрудегі мақсат – болмыстық барлық түрінде, соның ішінде өзін тану жолымен де, мәнге ие болу. Шығыс ойшылдары сияқты түркі тілдес ойшылдар да қоғамдық дамудың басты мәселелерінің бірі ретінде имандылықты ілімдердің басқа түрлерінен (гносеологиялық, онтологиялық, космологиялық) жоғары қойып, адам болмысының рухани жағына аса көп көңіл бөлді.[1, 39 б.]

Осы сияқты шығыс адамының адамдығын көрсететін критерийлер оның ішкі жан-дүниесінің байлығымен өлшеніп, тағылымды сөздермен оларды тәрбиелеуге тырысқан. Осыған байланысты халық даналығы «Тәрбиеліден – тәлім, ғалымнан – ғибрат, өнерліден – өнеге ал» дейді.[2, 74 б.]

Шығыс пен Батыстың адамды бағалау түсінігінде, үлкен айырмашылықтың бар екендігі мәлім. Бұл айырмашылық Батыс пен Шығыс мәдениетіне бағдар беретін құндылықтардың әркелкі болуынан туындайды.

Қазақстан – Еуразияның кіндігінде орын тепкен ірі елдің бірі. Онда мәдениеттер тоғысы көне заманнан басталады. Шығыс пен Батыстың адамды бағалау түсінігінде үлкен айырмашылықтың бар екендігі мәлім. Бұл айырмашылық Батыс пен Шығыс мәдениетіне бағдар беретін құндылықтардың әркелкі болуынан туындайды.

Шығыс тәрбиесі адамсүйгіштік, үлкенді сыйлаушылық, ұстаздық қағидасына, осы ұстанымға сүйене отырып кемелді адамдық қасиетті жас кезінен қалыптастыру және өз отанына адал қызмет ету талабына негізделген.

Тәрбиенің темірқазығы - адамсүйгіштікте. Кун фу-цзы ілімінде «адамсүйгіштік» (*жэнь*) ұғымына баса көңіл бөледі. Ұстаз жолына бірыңғайлық, біртұтастық тән. Ұстаз жолы екі ұғымды – «сенімділікті» (*чжун*) және «кешірімділікті» (*иу*) қамтиды. Бертін келе «чжун» ұғымы «сенімділік», «берілгендік», «адалдық», «ниеті түзулік» мағынасында, ал «шу» ұғымы «ақ көңілділік», «кешірімділік», «қайғыға ортақтасу», «адамға қамқорлық жасау» мағынасында толықтыруы және кең мағынада қолданылуы тегін емес сияқты. Бұл ұғымдар қытай этикасының екі басты принципіне – адамсүйгіштік пен әділеттілікке қызмет ететін қимыл-әрекеттердің құрамына енеді.

Кун фу-цзы ойластырған жеке адам мінез-құлқының осы төрт өлшемі мен төрт ұғымы «бірлесу» негізін құрады. Ұстаз жолы шәкірттерін кәметтікке тексеру ғана емес, олардың күш-қуатының қайнар көзін табуға әрекеттену, адамды өзін-өзі бағалауға баулу. Үйренгенді жүректе сақтай білу, басқаны шаршамай-шалықпай үйрету – ұстаздықтың үлгісі. Сондықтан *жақсыдан үйрену, жаманнан жирену*, сақтану – ұлағаттылықтың ерекше өнері. Сөздің істен алшақ болмауы - басқару мәдениетінде өшпейтін өлшем.

Шығыс мәдениеті гуманистік идея мен дәстүрге, білім мен тәрбиенің бірлестігіне, қауымдастың құндылығын құрметтеуге көне дәуірден, батыстан бұрын баули бастады. Мәдениет иесінің, мәдениетті қолдаушының өрісі осы өлшемдерде, өмір жолында.

Батыстық түсінікте, адам жеке дара өмір сүреді. Бұл түсінік сонау Платонның философиясынан бастау алып, Декарттың философиясындағы тән мен жанның бөлінуі пікірімен жалғасын тапқан. Өзіне тән пікірлерімен тек қана ежелгі дәуірдің ғана емес, философия тарихында ерекше орынға ие болған Платон адамның ең басты ерекшелігі ретінде оның ойлау қабілетіне негізделген адам түсінігін қалыптастырады. Оның пікірінше адам материалдан тыс субъект. Материалдық дүниемен байланыс орнатады бірақ оның бір бөлшегі емес. Нағыз ақиқат идеялар әлемі ғана. Бұл сезім дүниесі тек соның көшірмесі немесе көлеңкесі деген тұжырым жасайды. Платон мәңгілік жасайтын рух пен өмірі шектеулі тәннің бірге болуына назар аударып, адам осы екі қарама-қайшы бөлшектің арасында күресу арқылы мәнге ие болады дейді. Рух - адамның құнды бөлшегі. Бірақ, оның тәнмен байланысын жоққа шығаруға болмайды. Осы қарым-қатынастарда бағытты анықтайтын рух, идеяларға жақынырақ болады. Оның пікірінше, адамдағы барлық қасиет рухқа, рух болса ақылға тәуелді. Рух пен тәннің байланысында рухқа қолбасшылық, мырзалық, тәнге болға құлдық және мойынсұну міндеті берілген.[3, 52 б.]

Платонның пікірінше, барлық құмарлықтар мен қалаулар өліммен шектелетін тәнге тиесілі ерекшеліктер болғандықтан олардан аулақ болған дұрыс. Ақыл, адамды алдамшы көріністер дүниесінен жоғарғы әлемге жетелейді.

Аристотельдің пікірінше, Платонның пікіріне ұқсас рухтың сатылары орын алады. Адамның негізгі қызметтеріне сүйене отырып, рухтың үш сатысының ең төменгісі, барлық жәндіктерге, яғни өсімдіктерге, жануарларға және адамдарға ортақ рух. Бұл өсімдікте тән рух болып аталады. Бұл саты қоректену және өсуге қатысты, яғни өміріні сақтап қалуға тиесілі.

Екінші сатысы хайуани рух, жануарлар мен адамдарға ортақ ерекшеліктерді қамтиды. Бұл қозғалыс және байланыс құру ерекшелігі. Осы қабілет организмнің өмірін анықтайды. Соның арқасында жануарлар мен адамдар қалау күшіне ие болады. Осы қалау арқылы мақсатына қарай қадам басады.

Үшінші саты, адами рух, тек адамға тән. Оның ерекшелігі ақыл. Ақыл арқылы адам өз мүмкіншіліктерін жоғары деңгейде жүзеге асырады. Бұл рухтың жоғары деңгейінде рух өзіне қатысты әрекеттердің барлығын қамтиды. Ақыл арқылы біледі, түсінеді және ойлайды. адамның міндеті рухтың ақылға сай келетін әрекеттерін, яғни рухтың кемелдікке жетелейтін қасиеттерін жүзеге асыру. [4, 10-11 бб.]

Жоғарыда айтылған грек философиясынан бастап бөлшектелген адам және адам ақылының маңыздылығына көңіл бөлу батыс мәдениетінде толықтай көрініс табады. Батыс мәдениетінде адам ақылы ерекше мәнге ие. Адамды ақылды жануар деп деп санап, ақыл мен ақылдың қабілеттеріне ерекше сеніммен қаралған. Ақылды қолдану және өмірді ақылға сай бағыттау негізгі мақсат ретінде қойылады. Ақылмен безендірілген осы мәдениет адамның болмысын материалдық ерекшеліктеріне қарай бейнелеп, адамның жаратылысын шығыстық түсініктен ерекшелендіреді. Сыртқы әлемге көңіл бөліп, сыртқы өмірге негізделген өмірді ұстанған батыс адамының өміріне бағыт-бағдар беретін құндылықтар да прагматикалық әрі материалдық болып табылады. [5, 32 б.]

Демек, батыс адамы материалдық және рухани пайданы көздейді, соған жетуге ұмтылады. Моральдық құндылықтар, тәрбие, құқық осы жалпылама қағидаға негізделеді. Адамдар арасындағы қарым-қатынастарды осы пайда анықтайды. Бақыттылыққа бағытталған өмірді мақсат тұтқан батыс түсінігінде адамның құны мен сенімі, жетістігіне қалай қол жеткізілсе де бақытты өмірмен байланысты болып табылады. Батыс түсінігінде жеке адамға ерекше көңіл бөлініп, бұл ежелгі грек философиясынан бері жалғасып келеді. Адам жеке жаратылысқа ие, табиғаттан және қоғамнан тәуелсіз саналады. Сондықтан адамның жетістігі мақсатпен шектеледі.

Осыған керісінше шығыс философиясында адамға қатысты түсініктер өзгеше мәнге ие. Шығыс философиясында адам құнды жаратылыс, әрі ол ешқашан бөлшектелмейді. Адам тек бір бүтін ретінде мәнге ие болады. Өйткені шығыстық түсінікте адам қоғаммен тығыз қатынаста және мейірімді жаратылыс. Батыс түсінігіне кереғар түрде барлық қайшылықтарды және өзгешеліктерді табыстыруға, жарастыруға тырысады. Өмірлік өлшемдер мен тепе-теңдік адам үшін өте қажет. Сонымен қатар шығыстың осы ерекшеліктеріне түрткі болып отырған діндерде де (Конфуцизм, Индуизм, Буддизм немесе Ислам) адамның пікірі мен сенім бір-біріне қайшы келмейді, керісінше бір-бірін толықтырып отырады.

Осы біріктіруші ерекшелікке ие болған шығыс философиясы, батыс түсінігінен өзгеше түрде, адамды бөлшектеп қарастырмайды, рух тәнмен бір бүтін ретінде қабылданады. Бұл жерде тұтастық тек адамның ішкі тұтастығы емес, адамның табиғатпен немесе қоғаммен тұтастығын да қамтамасыз етеді. Адамға өз тұтсатығы мен табиғат және қоғаммен тұтастығын жүзеге асыру сияқты маңызды міндет жүктелген. Адам осы тұтастыққа қатысты құндылыққа ие болады және өз қабілетін көрсетеді.

Тұтастық қағидасымен қатар, бірлік түсінігі ортаға шығып, бұл тек пікірде ғана емес, мәдениетте де бағдар беретін қағида болып табылады. Шығыс қоғамында дін мен моральдық құндылықтармен астастырудың нәтижесінде адам тек материалдық емес, сонымен қатар рухани болмысқа ие. Рухани құндылықсыз ішкі үйлесімділікке қол жеткізу және оны сақтап қалу қиын. Адамның жан дүниесін және табиғи қабілетін дамыту және оны бақылауға шығыс түсінігінде ерекше мән беріледі. Адамның және қоғамның іс-әрекеттеріне баса назар аударған шығыс дүниетанымында жүйелі өмір сүру түсінігі басымдық танытады.

Осыған байланысты Ә.Нысанбаев: «Қазақстандық жаңа философия үшінші мыңжылдықтың буырқаныстарына жауап беретіндей жаңа онтологиялық стратегия қалыптастырып үлгерді. Оның негізгі темірқазығы Шығыс пен Батыстың дүниетанымдық типтерін оңтайлы синтездеу болып табылады, яғни батыстық өркениеттің ресурстары мен жетістіктерін, қазіргі заманғы ғылыми және технологиялық қуатын сақтай отырып, ол жоғалтқан рухани дәстүрлерді қайта қалпына келтіру, Шығыстың рухани тағылымын, «адам-әлем» қарым-қатынасының біртұтастығын қайта жаңғырту», - дейді. [6]

Осылайша Батыстың өркениеті мен технологиясын меңгеріп, шығыстың руханиятын қатар дамыту үрдісі біздің жастарымыз үшін барынша жауапты іс болмақ.

Сондықтан да шығыстық түсініктегі тәрбие ұғымының жастарға бағыт-бағдар берудегі маңыздылығы назардан тыс қалмайды. Әсіресе мұсылмандық түсінікте жас ұрпаққа тәрбие беруге баса назар аударылады. Ислам дінінде бұл тәрбие жүйесі өте сапалы дәрежеде құрылған және өзіндік түсініктерімен ерекшеленеді. Тәрбиесіз берілген білімнің қоғамға оң ықпал етпейтіндігін әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы және қоғамға опат әкеледі» десе, Шәкәрім Құдайбердіұлы «тәрбиесізге берілген білім оққа айналады, яғни адамзат үшін қатер тудырады» деген тұжырым жасаған. Ислам діні білімге, ақылға, жақсы ниетке, қоғамдық-әлеуметтік әділеттікке сонымен қатар адам құқығы мен құрметіне ерекше көңіл бөлген.

Адамның жетілуі, тәрбиеленуі, іс-әрекет және қарым-қатынасты реттеу тұрғысында ислам діні ерекше көңіл бөледі. Діни түсінікте адамның мінез-құлқының қалыптасуында тектіліктің үлесін жоққа шығармайды, дегенмен адамның айналасындағы қоршаған ортаның ықпалына ерекше назар аударылады. Осы жайында Құранда былай делінеді: «Шындығында Алла елшісінде (пайғамбар) сендер үшін бір үлгі бар» [7, 4-аят]

Ал пайғамбар дұрыс жолдас таңдаудың да тәрбиеге ықпал ететіндігін мәлімдейді: «Жақсы жолдас пен жаман жолдас мысалы, қолында иіс суы бар адам мен көрік үрлеуші адам сияқты. Иіс суы бар адам саған оны сыйлайды немесе одан сатып аласың немесе оның қош иісін сезесің. Ал көрік үрлеуші сенің киіміңді күйдіруі мүмкін немесе одан жағымсыз иіс сезесің.» [8, 86 б.] дей отырып жақсы адаммен жолдас болудың тәрбиелік мәнін ашып көрсетеді. Құранның аятында: «Шын мәнінде мүміндер туыс-бауыр. Сондықтан екі туыстың арасын жарастырындар және Алладан қорқындар. Мүмкін игілікке бөленерсіңдер.» [9, 119-аят] делінеді.

Қорыта айтқанда, осы айтылған мәселелер, қазіргі кездегі жастардың мәдени-құндылықтық негіздерін қалыптастыруда ерекше мәнге ие екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Әлемдегі жаһандану процесінің қарқындауымен мәдениеттердің өзара жақындасуы заманында, болашақ ұрпақтың қандай рухани құндылықтарды, ахлақтың әдептілік қағидаларын ұстанатыны туралы проблеманы алға тартқанда, әрбір адам өзінің этникалық тегінен, ата дәстүрінен, тарихи болмысынан айналып кетіп, өркениетке, жаңа мәдениетке, өзіндік орны болатындай ілесіп кете алмайтыны даусыз екенін ескерген жөн. Бұл үшін әр халықтың өзінің ата дәстүрін, тарихи қалыптасқан ахлақтық құндылықтарын сақтап, дамыта отырып мәдениетке, өркениетке ұмтылу маңызды болмақ.

Қорыта келгенде, Қазақстан елі үшін өзінің әлеуметтік өміріндегі рухани-моральдық құндылықтарын сақтап, жаңғыртып күшейту мәселесі әлемдік жаппай жаһандану заманында өз бет-бейнесін, ішкі әлеуеті мен қайталанбас ұлттық болмысын еш нұқсансыз әрі дамыған күйде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыру мақсатында басымдылық алуы тиіс. Жетпіс жылдық саяси отарлау салдарынан рухани-этникалық "мендігі" қоғамдық санадан өшіріле бастаған кезеңде, егемендігіне қол жеткізген қазақ елі, ендігі кезде шетелдермен саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатып экономикалық байланысқа түсті. Бұл кезеңде де рухани моральдық құндылықтарды қалайда сақтап қалу және оны жаңғырту жолдарын іздестіру мәселесі күн тәртібінен алынбауға тиіс. Қазақстан халқы кеңес өкіметіне дейін өзінің рухани атамұрасын, моральдық-этикалық құндылығын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ислам діні және шарифат өлшемдерімен сәйкестендіріп қалыптастырғаны мәлім. Сондықтан да бүгінгі күні халқымыздың діни-моральдық бет-бейнесін сақтап қалу үшін жан-жаққа, басқа жұрт мәдениетіне еліктемей, оның табиғи жолмен, ғасырлай бойы қалыптасқан діни сана-сенімін, ішкі қуатын қайта жаңғырту ісіне бел байланса, болашақ жастардың бағыт-бағдары адаспайды деген пайымдамыз. Сөйтіп, Шығыс пен Батыстың ізгі құндылықтарын тоғыстыра білген жастардың болашағы айқын болары даусыз.

1 Қуаныш Ә. М. Қашқари кеңістігі және оның дүниетанымдық бағдарлары. Оқу құралы. – Алматы, ФСИ компьютерлік баспа орталығы. 2005. – 39 б.

2 Кенжахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: Ана тілі, 2001. – 74 б.

3 Platon. Phaidon. аудар. Yetkin S.K., Atademir H.R. МЕМ, - İstanbul, 1980. – 52 с.

4 Aristoteles. The Nicomachen Ethics. – Oxford, 1964. – P. 10-11.

5 Nurten Gökalp. Batı ve Doğu felsefesinde insan // third international conference of the Asian philosophical association. Fatih university press. – İstanbul, 2008. s. – 32.

6 Нысанбаев Ә. Өзіндік таным пәні және оның негіздері//Қазақ әдебиеті. – 2002. -26 сәуір.

7 Құран Кәрім. Қалам сүресі, 4- аят.

8 İmam Gazali. Kimyayi Sagadet. – Istanbul 1986. - 86 s.

9 Құран Кәрім. Тәубе сүресі, 119- аят.

Резюме

Направления развития молодежной культуры

Сандыкбаева У.Д. – кандидат философских наук, старший преподаватель факультета Довузовского образования КазНУ им. Аль-Фараби *sandykbaeva@mail.ru*

Айгуарова Б.М. – старший преподаватель факультета Довузовского образования, кандидат соц. наук

Арыстанбекова К.Д. – старший преподаватель факультета Довузовского образования *dankura@mail.ru*

Казахстан - расположен в самом центре Евразии. Здесь начинаются перекрестки культур с древних времен, так как молодежь является неотъемлемой составляющей будущего страны, то их состояние, их духовные ценности и патриотическое воспитание занимает важное место. В нынешнее время одной из новых проблем, является взвешивание и принятие разных культурных тенденций и ценностей, появившееся вместе с независимостью. Казахская кочевая жизнь не только объясняет мир народной мудрости, но и учит к жизни в соответствии с вешним миром.

Ключевые слова: молодежь, ценность, идеология, традиции, нравы, мораль, вера, единство, прощение, зрелость, дух, страсть.

Summary

The direction of development of youth culture

Sandykbaeva U.D. – PhD, Senior Lecturer, Faculty of Pre-University Education KazNU named by Al-Farabi, *sandykbaeva@mail.ru*

Aytuarova B.M. – Senior Lecturer, Faculty of Pre-University Education, Candidate of Social sciences

Arystanbekova K.D. – highest teacher of the Faculty of Pre-University Education, *dankura@mail.ru*

Kazakhstan - is located in the heart of Eurasia. Here begins the crossroads of cultures since ancient times, as young people are an integral part of the future of the country, their state, their spiritual values and patriotic education plays an important role. At the present time one of the new challenges is to weigh and acceptance of different cultural trends and values that emerged with independence. Kazakh nomadic life not only explains the world of folk wisdom, but also teaches to live in accordance with the vernal world.

Keywords: youth, value, ideology, traditions, customs, morals, faith, unity, forgiveness, maturity, spirit, passion.

ӘӨЖ 327.58(575.12)

ФЕРҒАНА АЛҚАБЫ ШЕКАРАСЫНЫҢ 1917-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ МЕЖЕЛЕНУІ

Шұқыжанова А.Н. – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Аймақтану кафедрасының докторанты, Қазақстан Республикасы, Астана қ. E-mail: *aiym.shukizhanova@gmail.com*

Мақалада Ферғана алқабының ХХ ғасырдың басындағы шекарасының межелеу үрдісі қарастырылады. Автор не себепті Кеңес билігі Ферғана алқабын тәуелсіз экономикалық және мәдени тұтастық ретінде саяси картадан кетіріп үш одақтас республикаға бөлгендігіне сараптама жүргізеді. Алқап шекарасын анықтау кезіндегі Кеңес үкіметінің мақсаты, аймақ халқының жаңа территорияларына қатысты наразылықтары мен ұстанымдары да назардан тыс қалмайды.

Түйін сөздер: Ферғана алқабы, ұлттық территориалды межелеу, Кеңес билігі, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, шекара

Ферғана алқабының шекарасының белгіленуі Кеңес үкіметінің 1917 жылғы жеңісінен кейін басталды. Большевиктер билікке келген кейін бұрынғы Ресей империясының жері болып табылатын Орта Азияда өз позицияларын нығайту үшін ұлттық және әкімшілік шекараны қайта құру немесе межелеу қажет болды. Бұл аймақтағы бақылауды күшейту және модернизациялауды жүргізудің таптырмас тәсілі болатын. 1920 жылдары Т. Рысқұлов «Түрік республикасын» құру туралы жоспарын жариялағаннан кейін Мәскеу Түркістанды бірнеше этнос немесе ұлттарға бөлу қажет деп есептеп талқылай бастады. В.И. Ленин былай деп жариялады:

1. Түркістанды Өзбекия, Қырғызия және Түркмения болып бөлінетін (этнографиялық) картасын даярлау;

2. Одан кейін осы үш аумақты біріктіру немесе бөлу мүмкіндігін анықтау.

В.И. Ленин бұл әрекеттерді мұсылман элиталарының бірігуін тоқтату үшін ұсынды. Кеңес үкіметі ол кезде шекараны қайта құру шешімін қабылдамай өзбектер мен түркмендерді ұлттық топтастықтар ретінде көретін және ресми институттарда да солай қарастыратын [1].